

**КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ
КІСІ/АДАМ ЭТНОКОНЦЕПТІСІНІҢ ЕЛДІК ПОЗИЦИЯСЫН
ТАНЫТАТЫН ТІЛДІК БІРЛІКТЕР**

**LINGUISTIC UNITS DESCRIBING NATIONAL POSITION OF
HUMAN ETHNIC CONCEPT IN OLD TURKIC MANUSCRIPTS**

Г.ЖЫЛҚЫБАЙ*
Ш.ҚАРСЫБЕКОВА**

Түйіндеме

Түркі халықтарының рухани-мәдени құндылықтар жүйесі жалпы түркі халықтары ата-бабаларының дүниетанымымен, тарихымен, өмір тәжірибесімен үздіксіз жалғасып келе жатқан тұтас құбылыс. Ежелгі түркі халықтарының жалпы түркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін бірден-бір жазба дерек – VII-IX ғасырларда жазылған көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Түркілердің ғаламды тану құбылысы - Жаратушы ие (тәнір) және адам, табиғат және адам, адам және қоғам, адам және кеністік, адам және уақыт сынды әмбебап түсініктер жиынтығынан және солардың аясына кіретін - жан мен тән, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, мәнгілік пен жалғандық, жат пен жақын т.б. ұғымдар кешенінен тұрады. Осындай түсініктер мен ұғымдар жиынтығынан тұратын концептуалды жүйенің лингвистикалық бірліктер арқылы акустикалық немесе графикалық түрпат алуы ғалам бейнесінің түркілік тілдік моделін сомдайды. Аталған ұғымдардың бәрі де өзек концепт – Адам концептісінің мазмұнынан тарайды.

Кілт сөздер: көне түркі жазба ескерткіштері, рухани құндылықтар, этноконцепт, лингвистикалық бірліктер, түркілердің Елдік позициясы, репрезентация.

Summary

The system spiritual and cultural values of Turkic people are the notion chained by worldview of ancestors, history and everyday living of Turkic people. The language written on the Old Turkic scripts of 7-9 centuries is the one which gives the information about cultural and spiritual value of them. World cognition of Turkic people is such universal concepts as – creator and human, human and society, human and space, human and time

* филология гылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түркік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Philological sciences, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan. zerek24@mail.ru

** филология гылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түркік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Philological sciences, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan.

Г.Жылқыбай, Ш.Қарсыбекова. Қоңе түркі жазба ескерткіштері тіліндегі...

which include the complex of soul and body, life and death, good and bad, eternity and untruth, foreign and relative etc.

Such conceptual system of concepts and notion collection conveys the Turkic linguistic model of space image.

Keywords: Old Turkic Scripts, Spiritual Values, Ethno-concept, Linguistic units, Turkic Position, Representation.

Ескерткіштер тілінде *Tүрк будыны*/*Түркі халқы* тіркесінің жиі қолданылуы және мәтін мазмұны жекелеген адамдардың емес тұтас қауымның мұддесі – елдің береке-бірлігі мен ынтымағы, ұрпақ болашағы, түркі халқының абыройы мен намысы, басқа халықтар алдындағы беделі түркілер үшін *жеке адам* – қауым, әлеумет позициясының тірек моделі *Мен* – *Біз* дуализмінің *көпшілдік* позициясы түркі халқының басты өмірлік ұстанымы екенін көрсетеді. Қоңе түркілер дүниетанымындағы *көпшілдік* позициясы *елдік* идеясына арқау болып, түркілік *Kisi-Адам* концептісінің этномәнін айқындаиды. Ескерткіштер тілінде *el/il* «мемлекет, ел, халық» мағынасын беріп, *türük budun* тіркесімен белгілі бір дәрежеде синонимдік мәнде қолданылады: *Udu ben özüm qazyantasar il jete, bodun jete joq erteći erti. Qazyanduqun üçün uduy ilim qazyanduqym üçün Il jete il boldy, bodun jete bodun boldy.* «Оған еріп мен өзім де осылай етпесем, Ел де, халық та жойылар еді. Осылайша еткенім үшін. Менің де ұйғарғаным үшін Ел тағы да ел болды» (Тон, 55, 56) [1, 113]. Сөздің мәнін түсіндіруге бағытталған семантикалық талдау дүние туралы білімнің мәнін ашуға бағытталған концептуалды талдаудың негізгі құралы болып табылады. Семантикалық талдау мен концептуалдық талдаудың сабактастыры мен айырмашылықтары жайлы Е.С.Кубрякова былай деп ой қорытады: «...семантический анализ отдельного слова обнаруживает точки соприкосновения с его концептуального анализа, их конечные цели нетождественны. Если первый направлен на экспликацию семантической структуры слова, уточнение реализующих ее денотативных, сигнifikативных и коннотативных значений, то концептуальный анализ предстает как поиск тех общих концептов, которые подведены под один знак и предопределяют бытие знака как известной когнитивной структуры. Семантический анализ связан с разъяснением слова, концептуальный анализ – идет к знаниям о мире» [2, 85]. Сөз семантикасы арқылы қоңе түркілер дүниетанымының елдік позициясын бейнелейтін тілдік репрезентанттың мәнін аша тұсу үшін қоңе түркі тілінің мұрагерлерінің бірі - қазақ тіліндегі *ел* лексемасының мәні мен *Ел*

ұғымының мазмұндық аясына кіретін репрезентанттарды саралап қарастырсақ ортақ мағына мен мазмұнның толық сакталғанын байқаймыз. Көне түркі тіліндегі *el* сөзінің семантикалық ауқымы қазақ тілінде негізгі мағынаны сақтай отырып, кени түскен: Ел – 1. Жұрт, халық, қауым. 2. Туған жер, өскен орта. 3. Негізі, шыққан тегі; заты, руы. 4. Отан, туып-өскен жер. 5. Туыс, дос-жар [3, 220]. Қазақ тіліндегі *ел* сөзінің мақал-мәтедер мен тұрақты тіркестердегі қолданысы *Ел ұғымының этномәдени мазмұнын тереңірек ашуға көмектеседі*. Мысалы, *Тұган жердей жер болмас, Тұган елдей ел болмас; Өз елім - олең төсегім; Ел іши – алтын бесік; Өз елімнің басы болмасам да, Сайының тасы болайын; Елінен безген ер оңбас, Көлінен безген қаз оңбас; Ел құлагы елу; Елде болса ерінге тиеді, Ауылда болса ауызга тиеді; Адассаң елмен адас т.б* мақалдарда, *Ел аузынан «халықтан, жұрттан»; Ел аузына қақпақ бола алмайсың «көпшілік тілегіне тиым сала алмайсың»; Ел бастады «жұртты соңына ертті»; Ел бетін көрmedі «өскен ортаға оралмады»; Ел бетіне қарай алмады «ұятқа қалды»; Ел қамын жеді «жұрттың жайын ойлады»; Ел қатарлы «біреуден ілгері, біреуден кейін»; Ел іргесін сақтады «халықтың бірлігін ойлады, тыныштық орнатты»; Елге сыймады «сүйкімі кетіп, аласталды» т.б* тәрізді тұрақты тіркестерде қазақ халқының дүниетанымындағы Елдің қадір-қасиеті, маңыздылығы бейнеленеді. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде *Ел ұғымының дербес лексемалық репрезентанттары шағын болғанымен қазіргі қазақ тіліндегі Ел ұғымының мазмұнындағы идеялардың барлығы да сақталғанын көрміз*.

Көлденең жазықтық бойынша қарастырғанда түркілер дүниетанымындағы тілдік репрезентанттары *Kisi*/Адам макроконцептісінің тілдік модельдері арқылы сомдалады. *Kisi*/Адам макроконцептісінің құрамындағы Елдік позициясын микроконцептілік деңгейде Қоғам макроконцептісінің аясында да қарастыруға болады. Мемлекеттік деңгейдегі ежелгі түркі қағанаттарының мемлекеттік тұтастығын сақтауды ұлттық идеяға, саяси-әскери жүйесіндегі ішкі тәртіпке, дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға бағытталған сыртқы саясатқа, халық арасындағы әлеуметтік қатынастарды ретке келтіретін салт-дәстүр, наным-сенімге т.б. қатысты қолданылатын мұндай тілдік модельдер *el* «ел, мемлекет», *törl* «өкімет», *qaṣanlıq* «қағандық, қағанат, мемлекет», *bud(un)* «халық», *jer-sub* «ата-мекен, мемлекеттік территория, туған жер» т.б. сынды саяси лексемалардан, *qaṣan* «хан», *qaṣ(tun)* «ханша», *tut(iq)* «әскери шен», *buj(ruq)* «әмір», *beg* «бек» т.б. тәрізді титуларлық атаулардан; *süi* «әскер», *süñüs* «ұрыс,

шайқас, соғыс» т.б. сияқты әскери лексемалардан; *qul* «құл», *kuij* «құн» сынды әлеуметтік мәнді сөздерден; *turk*, *qırqaz*, *oy(uz)*, *qib(šag)*, *tur(ges)*, *tatar* т.б. этнонимдерден тұрады. Аталған сөздер ішінде көне түркілер үшін де қазактар қазіргі қазактар үшін де ерекше мәні бар *el*, *bud(un)*, *jer-sub* ұғымдары түркі дүниесіне тән дербес микроконцептілер жүйесін құрайды.

Жазба ескерткіштер тілінде бейнеленген көне түркілер санасындағы мифологиялық және ақиқат дүниенің идеялық құндылықтарын таңбалайтын концептілерге сараптама жасап, олардың тілдік модельдерінің архимазмұны мен архитұлғасын анықтау жалпытүркілік концептуалды жүйенің эволюциялық даму бағытын, концептілердің тоғысу нүктелері мен оппозициялық шегін, концептілер ядросындағы актуалды мазмұн мен қосымша дефинициялардың объективтену ауқымын, олардың сыртқы құрылымы мен ішкі құрылымының үйлесімділігін саралауға жол ашады. Адам/Kisi концептісінің Елдік позициясын сипаттайтын тілдік репрезентанттар қазақ тіліндегі Отан концептісінің тілдік бірліктерінің мазмұнын ашуға, семантикалық тұрғыдан даму бағытын айқындауға мүмкіндік береді. Ежелгі түркілер мен қазіргі түркі халықтары арасындағы дәстүрлі ұрпақ жалғастығын тек лингвистикалық негізде ғана емес, когнитологиялық, концептологиялық, семиотикалық, аксиологиялық тұрғыдан да айғақтайдын ақпарат көздерінің бірі – жалпы адамзаттық Адам макроконцептісі аясындағы тілдік модельдер.

Көне түркілер дүниетанымындағы Елдік позициясының доминант (лексемалық деңгейдегі) тілдік бірліктерін *budun* «халық», *türük* «түркі», *jurt* «жұрт», *qaṣanlyq* «қағандық», *qaṣan* «қаған» тәрізді сөздер құрайды. Ал «түркілік патриотизмі» мәтіндік, мәнмәтіндік деңгейде анықталады: *suby anča temis. Türük bodun jooq bolmazun tijin, bodun bolčun tijin qaṣut ilteris qaṣanuğögim Ilbilige qatunyu tejri töpesinde tutyp jügerükötürmis erinč. Qaṣut qaṣan jiti jigirmi erin taşuqtys. Tyšra.* «Суы былай депті: Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-білге қатынды Тәнірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті. Әкем қаған он жеті сарбаз жинапты» (КТҰ); *Jana birtimiz. Ilgerü qadyrqań jyşyň aşa bodunuγanča qoonturytymyz. Anča itdimiz. Quuryγaru kejü-tarmanqa tegi türük bodunuγqoonturytymyz. Anča itdimiz ol ödke quul qulluγ bolmays erti. Küj küjlig bolmays erti.* «Және бердік. Ілгері-Қадырхан жынысын асып халықты осылайша қондырдық. Аниша еттік. Батыстағы Кенү-Тарманға дейін түрік халқын қоныстандырдық. Осынша еттік. Ол

уақытта құл құлды болған еді. Күн күнді болған еді (КТ)»; *eçümiz qazyanmyş bodun aty kiisi joq bolmazun tijin türük bodun üçün tün udymadym, kündüz olurmady. Inim Kül tigin birle eki şad] birle ölü Jitü qazyanadym. Anča qazyanyp ebrekibodunyň ot sub qylmadym. Men[özüm qayyan olurtuqyma] jir saju barmys bodun jadaýyn jalayyn] ölü jitü jana* «агамыз иелік еткен халықтың атақ-данқы өшпесін деп, түрік халқы үшін тұн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым. Інім Құлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өліп-талып иелік еттім. Осылайша иелік етіп, ебтегі халықты өз-ішінен жауластырмадым (от-су қылмадым). Мен өзім қаған боп отырғанда жер-жерден босқан халық жаяу, жалаңаш, өліп-жітіп қайта» [4, 207].

Ескерткіштер тіліндегі *budun* сөзі дербес тұрып «ел құрамындағы қарапайым халық» мағынасын береді: *toquz oyuz begleri, budunı bu sabimin edgütı esid, qatıydı tijda* «Тоғыз оғыз бектері, халқы бұл сөздімді жақсы есіт, қатты тында!» [5, 168]. Түркі тілдері бойынша *budun* сөзі құрамындағы көнетүркілік *bod/bud* «бой (адамның бойы, тұлғасы, тұла бойы)» тұлғасының семантикалық өрісі кеңігенін байқаймыз: «халық», «ел», «адамдар», «тайпа», «бағынышты ел», «біреудің немесе басқа елдің ықпалында болу», «бой», «бірігу, тұтасу» [6, 91]. Көрсетілген мағыналар негізінде көне түркі тіліндегі *Budun* репрезентантындағы өзекті мағына «адамның денесі, тұла бойы» және «бірігу» ұғымдары арқылы қалыптасқанын болжауға болады. Басты идея «адамдардың бірігуі, тобы». Қазақ тіліндегі *буданда* «1. Әртүрлі мал тұқымын будандастыру арқылы жана тұқым шығару. 2. Әр сортты немесе әртүрлі өсімдіктерді тозаңдандыру, ұластыру арқылы жана сорт шығару», *будан* «Әртүрлі тұқымды біріне-бірін будандастырудан шықкан жана тұр, тұқым» [3, 145] сөздерінің мазмұнынан да «араластыру, біріктіру» семасын аңғаруға болады. Ауызекі тілде әртүрлі ұлт өкілдерінің некесінен туылған ұрпақты *будан* деп атау да кездеседі. Демек көне түркі тіліндегі *budun* лексемасының семантикалық уәжі түркілердің этногенездік құрылымына негізделеді деп айтуда толық негіз бар. Кез келген халықтың қалыптасуы бірынғай генеалогиялық негізде ғана емес, территориялық-аумактық негізде де жүзеге асатыны, яғни бір аумакта қатар өмір сурғен басқа түис, туыстас, түис емес тайпа өкілдерінің өзара араласып, басым тайпаның тілі мен ділін қабылдау үдерісінің нәтижесінде монолитті сипатқа ие болатыны белгілі.

Көне түркі тіліндегі *Kisi/Адам* концептісінің *budun* репрезентантының қазақ тіліндегі баламасы – *Халық* ұғымы дербес

микроконцепті құрайды. Негізгі тілдік бірліктері *көпшілік, адамдар, адамзат, ел, жамағат, қауым, жүрт, жүртишылық, әлеумет, адамзаттар* (белгілі бір мемлекеттің), *тұрғындар* (белгілі бір мекеннің) т.б. лексемалар арқылы сомдалып, Ел микроконцептісімен бірге белгілі бір дәрежеде ортақ модельдер кешенін құрайды. Азшылық пен көвшіліктің арақатынасы бойынша көвшіліктің артықшылығын мойындау түркілік дүниетанымға да тән екенін мына сөйлемнің мәні арқылы анықтауға болады: *Jujqa eriklig toplayalı içuz ermis, Jinçge eriklig üzgeli içuz. Jujqa qalın bolsar toplayılıy alp ermis, Jinçge joyan bolsar üzgülük alp ermis* «Жұқаны жинау - оңай, Жіңішкені үзу - оңай. Жұқа қалындаста таптайтын алып болар, Жіңішке жуандаса үзетін алып болар» [7, 106]. Көптік мәнді *халық/ budun* ұғымдарының жекеше мәні *жеке адам* «Қофам» концептісінің өзегі болып табылады, яғни «Қофам» концептісінің бастауы «Адам» концептісі. Себебі адамзаттың қофамды тануы алдымен өзін-өзі танудан, өз бойынан танылған білімді қофамды тануға пайдалануынан басталады.

Қоңе түркі ескерткіштері тілінің деректері түркі этносының өкілінің қайталанбас қасиеттерімен еркшеленетін ұлттық адам образын сипаттайды. Өзінің тарихи тамырын терең білетін кез-келген суперэтносқа тән «Өз руын, өз тайпасын, халқын басқа ру-тайпа, халықтармен салыстыру негізінде өздерін «нағыз», «ерекше», «ақырат», «толыққанды» деп танитын этноцентризм де ұжымдық этникалық сананың ментальдік ерекшелігінен туындаиды [7, 100]. Ұлттық рухқа негізделген этноцентризм қоңе түркілер тілінен де орын алғанын байқауға болады. Қазақ ономастикасын лингвокогнитивтік аспектіде зерттеген ғалым Б. Тілеубердиев этнонимдер арқылы көрінетін адам болмысы жайлы «этноатаулардан өздерін «адамдар», «нағыз адамдар» деп санаған көптеген қоңе тайпалар мен әлем халықтарының этникалық санасының ерекшеліктерін көруге болады. Бұл этноцентризм жағынан алып қарастырғанда олар «өздерін» басқаларға, яғни өздерінен түпкілікті ерекшеленетін және «толыққанды емес» адамдарға қарама-қарсы қойып отырған» [7, 99] деп көрсетеді. VII-IX ғасыр жазба мұраларында жиі қолданылатын қоңе түркілер тіліндегі *Kisi-Адам* концептісінің тілдік бірлігі *turk* этнонимі: *Turk budun joq bolmazun tijin, budun bolčun tijin* «Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін» (КТұ, 11) [5, 173] ; *Turk budun jitmezün tejin* «Түркі халқы өлмесін-жітпесін деп» Он. 3 [4, 142]. *Түрк (түркі)* этнонимінің шығу тегі жайлы да көптеген пікірлер айтылып жүргенімен, толық шешімін таппаған мәселе, негізгі пікірлер

бойынша «кушті, қуатты, билік иесі» мағыналарын береді. Мысалы, Құлтегін ескерткіші тіліндегі *teŋri kiič bertük üçün qazım qayap süsi böriteg ermis, jayısi qojteg ermis* «Тәнірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді» [5,173] (деген сөйлем түркі жауынгерлерінің ержүрек, батырлығын, олардың жауларын өздерінен кем санағаның, жауласуши тайпа әскерлерін өздеріне қарағанда әлсіз деп бағалағанын бейнелейді. Өздерін Тәнірдің сүйкіті перзенті санаған көк түріктердің амбициялық көзқарастары *Tört buluñdaqı bodunıy baz qiltim. Başlıyıy jükündürtim. Tizligig şökürtim. Üze teŋri asra jer jarılqadiq üç(ün)* (БК,10) «Төрт тараптағы (бұрыштағы) халықты бейбіт қылдым. Басы барды жүгіндіріп, тізеліні бүктірдім (шөктірдім)” [4, 177] деген сөйлемдерден де айқын аңғарылады.

Көне түркілердің жалған амбицияға берілмей, өз халқының осал тұстарын дәл көрсететін, сынни көзқарастың қалыптасқанын да тіл деректері көрсетіп отыр: *Begleri, budunı tızsız üçün, tabyač budun tebligin kürlig üçün, armaqçısın üçün, inili-eçüli kiňşürtükin üçün, begli budunlıy joňşırtaqın üçün türk budunı illedük ilin içyini idmīs*. «Бектерінің, халқының тұзу еместігі үшін, табғаш халқының алдауына иланғаны үшін, өтірігіне көнгендігі үшін, інілі-агалының дауласқанынан, бекті халықтың жауласқанынан түркі халқы елдігінен айрылды» [5, 172]; *Quutaj buňsyz anča birür tabyač budun saby süčig ayyysy jymšaq ermis. Süčig sabyn jymšaq ayyup aryp uraq boduny yanča jaýutyr. Jaýru qoontuqda kisre jaýbilegin anda ijjür ermiš. Edgū bilige kisig, edgū alp kisig jorytmaz ermiš. Bir kisi jaýylsar oyušy boduny besükije tegi qyutmaz* «жібекті есепсіз берер табғач халқының сөзі тәтті, ақығы асыл еді. Олар тәтті сөзі, асыл /қазынасымен/ арбап, жырактағы халықты өзіне соншама жақындар тараптағы халқы бесігіне дейін /бесіктеңі үрпақтарына дейін/ құтылмас еді» [4, 165] деген сөйлемдер көне түркілер Қағандардың қателігі тұтас елдің өміріне, үрпақ болашағына кері ықпал ететінің, қағанның ел басқарудағы қателігі олардың Елдік позициясына нұқсан келтіретінін терең түсінгенін көрсетеді.

Ескерткіштер мәтінінен көне түркілер дүниетанымындағы басты құндылық – елдің тұтастығын, дара болмысын сактауға қызмет ететін *Елдік* позициясы екенін көрсететін тілдік бірліктер айқын аңғарылады. Мысалы, *bodun anča timis. «ellig bodun ertim. elim amty qany? Kimke elig qazyanur men», -tir ermis. «Qayalıy bodun ertim. Qayanum qany? Ne qayanqa isig kiičig birürmin», -tir ermis. Anča tip*

Г.Жылқыбай, Ш.Қарсыбекова. Қоңе түркі жазба ескерткіштері тіліндегі...

tabyač qayaqda jaуу bolmys. халқы былай десті: «Елді халық едім, елім енді кайда? Кімге елдік құраймыз?»-десті. «Қағанды халық едім, Қағаным кайда? Қай қағанға күш-куатымызды береміз?»-десті. Осылай деп Табғач халқына жау болды» (КТұ) [5, 173] деген сөйлемдерде көне түркілердің Түркі елінің, Түркі Қағанатының мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін Қытай елімен жауласқандары айтылса *bars beg erti. Qayaq at bunda biz birtimiz. Sijilim quiпciyu birtimiz. Özi jaŋyldy, qayaqy ölti. Bodunu kïŋ quul boldy. Kögmen jır sub idisiz qalmazun tijin az qyrqyz bodunyu i[tip] jaraſyp keltimiz. Süjüšdimiz ilin].* «Барыс (оларға) бек болды. Қаған атағын бұнда біз бердік. Сіңілім - хан қызын бердік. Өзі жаңылды, қағаны өлді. Халқы күң, күл болды. Қөгмен жер-суы иесіз қалмасын деп аз, қырқаз халқын құрап келдік. Соғыстық. Елін ...» (КТұ) [5, 174] деген мәннәтінде Түркі тайпаларын бір мемлекетке Түркі еліне топтастыру үшін жекелеген түркі тайпаларына да қарсы жорықтар ұйымдастырып, оларды өздеріне қаратқан соң тайпаның ханын сайлап, түркі тайпалары арасындағы араздықты басып, халықты біріктіру мақсатында қыз беріп, қыз алысуға негізделген құдандалық дәстүрді пайдаланғандары баяндалады. Бұл да көне түркілердің *Елдік* позициясының ұстанымдарының бірі болып табылады.

Түркілердің *Елдік* позициясы қазіргі таңдағы түркі халықтарының ұлттық идеологиясымен пара-пар, елдің тұтастығын, түркілердің дара болмысын, этномәдени кеңістігін сақтап, дамытуды қамтамасыз ететін патриоттық рухтағы феномендік құбылыс.

Көне түркілердің Түркі елінің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтауға бағытталған *Жауынгерлік позициясының* тілдік репрезентанттары мен Түркі елінің елдігін сақтауға бағытталған *Елдік позициясының* тілдік репрезентанттарының мазмұны жинақтала келе көнетүркілік дүниетанымдағы «Адам» концептісінің этномазмұнындағы түркілік рух идеясының тілдегі бейнесін сомдайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айдаров Ф. *Құлтегін ескерткіші*. –Алматы: Ана тілі, 1995. -232 б.
2. Кубрякова Е.С. *Об одном фрагменте концептуального анализа слова память.// Логический анализ языка. Культурные концепты.* – М. Наука, 1991. – С. 85-91.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы:Дайк-Пресс,2008. -968 б.
4. Сартқожа Қ. *Орхон мұралары.* –Астана: Құлтегін, 2003.-392 б.
5. Айдаров Ф. *Тониқуқ ескерткішінің (VII ғасыр) тілі.* -Алматы: Қазақстан, 2000. -120 б.

6. Жалмаханов Ш. *Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы.* – Қарағанды: ҚарМУ, 2003. –191 б.
7. Тілеубердиев Б. *Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері.* –Алматы: Арыс, 2006. -280 б.